

2022 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 60 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 мамырда № 28087 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2022 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.К.Утегуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
6 мамырдағы № 60 қаулысымен
бекітілген

2022 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері

Облыс атауы	Барлығы ақшалай қаражат қажет, мың теңге	Субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері, мың теңге			
		бірегей тұқымдар	элиталық тұқымдар	бірінші репродукция тұқымдары	бірінші ұрпақ будандары

Батыс Қазақстан облысы	247 027	2 004	44 890	60 183	139 950
------------------------	---------	-------	--------	--------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК